

Ғылыми-медициналық сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі N 661 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 30 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 2511. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 12 қарашадағы N 696 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 12.11.2009 N 696 Бұйрығымен (ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді).

"Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы N 430 Заңына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Ғылыми-медициналық сараптама жүргізу ережесі б е к і т і л с і н .

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Медициналық ғылым және білім департаментінің директоры Н.Қ.Хамзинаға жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

М и н и с т р д і н

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і н
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 8 қ ы р к ү й е к т е г і
N 6 6 1 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

Ғылыми-медициналық сараптама жүргізу ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы ғылыми-медициналық сараптама жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы ғылыми қызметке сараптама жүргізудің тәртібін айқындайды. K090193

2. Ғылыми-медициналық сараптаманы Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органы (бұдан әрі - уәкілетті орган) құрған алқалы сараптау органы жүргізеді.

2. Ғылыми-медициналық сараптаманың негізгі қағидаттары мен міндеттері

3. Ғылыми-медициналық сараптаманың негізгі қағидаттары:

1) тәуелсіздік және объективтілік;
2) медицина ғылымын дамытудың әлемдік деңгейіне бағдарлану;
3) сараптамаға берілген материалдардағы ақпараттардың айрықша негіздерінде ғылыми-медициналық қызмет объектілері (бұдан әрі - объектілер) бойынша қорытындылар жасау;

4) объектілер бойынша ақпараттардың құпиялылығын және оны, сондай-ақ сарапшылар мен олардың жұмыстарының қорытындылары туралы мәліметтерді сараптамада көзделмеген мақсаттар үшін пайдалануға жол берілмеуін қамтамасыз ету болып табылады.

4. Сараптаманың негізгі міндеттері:

1) ұсынылатын ғылыми-медициналық объектілердің тиімділігі мен нәтижелілігін анықтау;

2) ғылыми-техникалық қызметтің қаржыландырылатын объектілерінің алынған нәтижелерінің (орындау, аяқтау және енгізу сатысында) маңыздылығын бағалау және қаржыландыруды жалғастыру, өзгерту және тоқтату туралы ұсыныстарды әзірлеу;

3) жоспарланатын объектілердің ғылыми дәлелділігін және іске асырудың мүмкіндігін бағалау болып табылады.

3. Сараптауға жататын ғылыми-медициналық қызметтің объектілері

4. Сараптауға жататын ғылыми-медициналық қызметтің объектілері:

1) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламаларының жобалары;

2) республикалық мақсатты ғылыми-медициналық бағдарламалар;

3) аяқталған ғылыми-медициналық бағдарламалар мен жобалардың нәтижелері;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларына ұсынылатын ғылыми жұмыстар;

5) денсаулық сақтау практикасына енгізу үшін жоспарланатын ғылыми-медициналық әзірлемелер болып табылады.

4. Ғылыми-медициналық сараптама жүргізудің тәртібі мен шарттары

6. Объектілерді әзірлеушілер уәкілетті органға мынадай материалдарды ж о л д а й д ы :

- 1) әзірлеуші-ұйымның бірінші басшысының қолы қойылған ілеспе хат;
- 2) әзірлеуші-ұйымның Ғылыми кеңесі отырысының ғылыми-техникалық қызмет объектісін бекіту туралы хаттамасынан үзінді көшірме;
- 3) объектінің 2 данасын және Microsoft Word редакторының *.doc немесе *.rtf мәтіндік файлы түрінде 3,5" дискеттегі электрондық нұсқасы.

7. Сараптама объектілері бойынша материалдар алқалы сараптау органының сарапшыларына (Ғылыми кеңестің мүшесіне) жолданады.

8. Жүргізілген сараптамалардың нәтижелері бойынша сарапшылар он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде сараптау объектілері бойынша объективті, дәлелденген, ғылыми негізделген қорытынды жасайды.

9. Сарапшылардың қорытындыларын талқылау нәтижелері бойынша алқалы с а р а п т а у о р г а н ы :

- 1) оң сараптама қорытындысын;
- 2) пысықтаудың қажеттігі туралы сараптама қорытындысын;
- 3) теріс сараптама қорытындысын шығарады.

10. Сараптау қорытындысы алқалы сараптау органының қаулысы түрінде ресімделеді де, уәкілетті орган бекітеді.

11. Қабылданған шешім туралы уәкілетті орган бір ай мерзімде әзірлеуші-ұйымды хабардар етеді.

12. Екі мәрте пысықтауға жіберілген және кемшіліктері жойылмай қайта ұсынылған сараптау объектілері бұдан әрі қаралмайды.

1 3 . < * >

Ескерту: 13-тармақ алынып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 22 қыркүйектегі N 467 бұйрығымен .

14. Ғылыми-медициналық сараптама жүргізу рәсіміне байланысты даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес қаралады.